




Central Asian
Scientific
Journal

VOL / **AUG**
7(11) / **2022**



NUR-SULTAN

Сетевое издание
Электронный научный журнал «Central Asian Scientific Journal»

Central Asian Scientific Journal

выпуск 7(11), август 2022 г.
Основан в 2021 году (издается ежемесячно)

Зарегистрировано и выдано свидетельство Министерством
Информации и Общественного Развития Республики
Казахстан № KZ91VPY00039228 от 25.08.2021г

Тематическая направленность:

- Педагогические, общественно-социальные, технические, экономические и юридические науки
- Информационно-коммуникационные технологии
- Теоретические и научно-практические научные исследования

За достоверность публикуемой информации, цитат и иных изложений ответственность несет автор.

Адрес редакции:

Республика Казахстан

г.Нур-Султан, (офис закрытого типа)

e-mail: info@cajournal.kz

web-site: www.cajournal.kz



Сетевое издание
Электронный научный журнал «Central Asian Scientific Journal»

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор

Байдильдинов Талгат Жарылкасынович - кандидат педагогических наук, профессор

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОЙ КОЛЛЕГИИ

Латыпов Рустам Хафизович – доктор технических наук, профессор, Казанский (Приволжский) федеральный университет, Российская Федерация

Radwan Labban – Member of the Society of Naval Architect and Marine engineers, (RINA UK) and SNAME (USA), Plymouth College, United Kingdom

Сафаров Гиёсиддин Абдуллаевич – доктор PhD, кандидат экономических наук, доцент, декан экономического факультета, Ташкентский финансовый институт, Республика Узбекистан

Мукашева Анар Абайханкызы – доктор юридических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

Байгожанова Даметкен Сагидуллаевна – кандидат педагогических наук, почетный профессор Казахстана, академик МАИН

Кожашева Гульнар Оңалбаевна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Жетысуский университет им. И. Жансугурова

Телеуев Галым Байгазиевич – доктор PhD, Декан кампуса, Казахско-Американский университет

Ермаганбетова Мадина Аскарровна – кандидат педагогических наук, доцент, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

Тукенова Наталья Иембергеновна – кандидат педагогических наук, заведующая кафедрой ИКТ, Жетысуский университет им. И. Жансугурова

Сахипов Айвар Айтүарович – магистр педагогических наук, PhD candidate, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

Ибраев Алишер Серикболович – магистр юридических наук, председатель ООИ «Елорда әділет орталығы», PhD candidate, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

Турсынова Ажар Тойлыбайқызы – магистр образования, PhD candidate, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби



СОДЕРЖАНИЕ (CONTENT)

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ (PEDAGOGICAL SCIENCES)

Жуанышбаев Т.С., Таубалдиева Ж.

БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛИМДЕРІНІҢ ДЕНЕ ҚАБИЛЕТТЕРІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОҒАН НЕГІЗДЕМЕ БЕРУ 3

Ахметкалиева М., Таубалдиева Ж.

СТУДЕНТТЕРГЕ РУХАНИ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ 12

Мусабекова Д.Е., Таубалдиева Ж.

БАЛАЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБИЛЕТІН ДАМУДА ТАНЫМДЫҚ ҚАСИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ 19

Sakhipov A.

PEDAGOGICAL SCENARIO FOR THE IMPLEMENTATION OF THE INFORMATION AND EDUCATIONAL ENVIRONMENT 28

Tursynova A.

DESIGNING EDUCATIONAL WEB - RESOURCES, CONSIDERING THE PSYCHOPHYSICAL CHARACTERISTICS OF STUDENTS ASSOCIATED WITH THE PERCEPTION AND PROCESSING OF INFORMATION..... 31

Өмірзақ И.А., Альжанов А.К.

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗРАБОТКИ МОБИЛЬНЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРИЛОЖЕНИЙ 35

ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ (NATURAL SCIENCES)

Khussainov Y.

CURRENT TRENDS IN UI/UX DESIGN 45

Omirzak I., Alzhanov A., Vostroknutov I.

DEVELOPMENT OF MOBILE APPLICATIONS FOR BLENDED LEARNING MODELS 48



ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ (PEDAGOGICAL SCIENCES)

ӘОЖ 541.124

Жуанышбаев Талғат Советбекович

жоғары санатты дене тәрбиесі пәні оқытушысы,

Талдықорған қаласы политехникалық колледжі

(Талдықорған қ., Қазақстан)

Ғылыми кеңесшісі: **Таубалдиева Жұматай**

п.ғ.к., профессор,

І. Жансүгіров атындағы ЖУ

(Талдықорған қ., Қазақстан)

БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ДЕНЕ ҚАБІЛЕТТЕРІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОҒАН НЕГІЗДЕМЕ БЕРУ

Түйіндеме: Бұл мақалада болашақ дене шынықтыру мұғалімінің дене қабілеттерін бағалау және оған үлгілік тұрғыдан негіздеме беру қарастырылады. Денсаулықты дәріханадан сатып алуға болмайтыны көбісі түсіне бермейді, ол үшін қоршаған орта мен организм арасындағы тепе-теңдікті сақтап тұратын организмнің функционалдық резервтерін күнделікті күш салу арқылы «төлеу» керек екенін ашып береді.

Түйінді сөздер: денсаулық, дәріхана, функционалдық, резервтер, адаптация.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің дене қабілеттерін бағалау және оған үлгілік тұрғыдан негіздеме берудің маңызы зор екені белгілі.

Жеке адамның ағымдағы денсаулық деңгейін бағалау және оның өзгерістерін бақылау мәселесі тұрғындар үшін, әсіресе дене жүктемесіне немесе жоғары психоэмоционалды күйге ұшыраған адамдар үшін өте маңызды орын алады. Бұл ең алдымен күрделі жүйедегі операторларға, ұшқыштарға, ғарышкерлерге және

спортшыларға қатысты. Денсаулықты дәріханадан сатып алуға болмайтыны көбісі түсіне бермейді, ол үшін қоршаған орта мен организм арасындағы тепе-теңдікті сақтап тұратын организмнің функционалдық резервтерін күнделікті күш салу арқылы «төлеу» керек. Бір немесе бірнеше іс-әрекеттің түрін ойдағыдай орындаудың шарты болып табылатын тұлғаның дара психологиялық қасиетін қабілеттіліктер деп атаймыз. Қабілеттіліктер жалпы және арнаулы болып бөлінеді. Мысалы, ойдың сапасы немесе естің сапасы сияқты психикалық қасиеттер көптеген іс-әрекетте кеңінен қолданылады. Жалпы қабілеттіліктерге тұлғаның қасиеті ретінде бақылағыштық жатады.

Сонымен қатар, жалпы қабілеттілік байқалған адамдар әртүрлі іс-әрекетпен ойдағыдай айналыса алады. Мәселен, жалпы қабілеттілікті меңгерген адамдар көп жағдайда барлық пәндерден жақсы оқиды. Арнаулы қабілеттілік қандай да белгілі бір іс-әрекетті ойдағыдай орындауға мүмкіншілік жасайды. Математикалық, техникалық, әдеби, музыкалық, бейнелеу өнері саласында және тағы басқа қабілеттілік қалыптасуы мүмкін. Қабілеттіктердің бұл екі негізгі түрінен басқа үшінші түрін — практикалық іс-әрекетке қабілеттілікті ерекше атауға болады. Бұл түріне құрастырушылық — техникалық, ұйымдастырушылық, педагогикалық қабілеттіліктер жатады. Көптеген қабілетті адамдар тек белгілі бір салада қабілеттілік танытты, мәселен, музыкада немесе математикада, немесе өнерде. Белгілі бір істі өз бетімен және ойдағыдай орындауда қабілеттіктердің қиысып келуін талант деп атайды [1].

Адам ағзасы қазіргі жағдайдағы ғылыми-техникалық даму нәтижесінде пайда болған стресстік әсерлерді (өндірістік, психоэмоционалды т.б.) бастан кешкендіктен жеке функционалдық жүйелер өзгерістерінің және басқару механизмдерінің күштенуінің қоршаған орта факторларына үздіксіз бейімделетін динамикалық жүйе ретінде қарастыру керек. Жаңа жағдайға бейімделу немесе адаптация организмнің белгілі «биосоциалды төлеммен» жұмсалатын функционалдық ресурстарының құнымен жетеді. И.В. Давыдовский «бейімделу бағасы» терминін 1962 жылы ұсынған. Адаптация ішкі және сыртқы қайшылықтар әдісі мен нәтижесі болып табылатын, өмір

мен өлім, ауру мен дені сау кезінде соқтығысу мен орын ауысу кезінде қалыптастын тірі материяға тән қасиет [2]. Адаптацияның құнын төлеу организмнің резервтік мүмкіншілігіне байланысты. «Биосоциалды бюджет» шегінен шығып кеткен және организмнен жаңа талпыныстарды қажет ететін төлем бейімделу механизмдерінің бұзылуына әкеліп соғады. Сондықтан ол биоэнергетикалық жағынан тиімді де, әрі орынды. Арнайы емес бейімделу реакция процесінде ортаның тиімсіз жағдайлары кезінде организм пайдаланатын функционалдық тұрақтылықты сақтау үшін қосымша энергия саны құралады. Организмнің толық жағдайы функционалдық жүйе жұмысының нәтижесі ретінде басқару әсердің тиімділігімен, орта мен организм арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін қабілетімен және оның өмір сүру ортасына бейімделушілігін анықтайды. Ортамен тепе-теңдік қабілеті немесе организмнің бейімделу мүмкіншіліктері тірі жүйенің маңызды ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Адаптация гомеостазбен бірге биологиялық объектінің функционалдық құрамы ретінде биологияның негізгі түсінігіне жатады [3].

Қан айналым жүйесінің функционалдық резерві дәстүрлі түрде функционалдық жүктеме сынамаларын қолдану арқылы анықталады. Қан айналым жүйесінің резервтік «қуаты» организмге жағымсыз әсер еткенде берік қорды құрайды және соның арқасында бастапқы функционалдық деңгей төмендейді. Организмнің ағымдағы жұмысы резервті жұмсаумен, сонымен қатар олардың толығымен байланысты. Сондықтан маңызды болып резервтің өз уақытысында мобилизациялауы ғана емес, сонымен қатар қорғаныс пен қалпына келу процесіне сәйкес стимуляция. Сол үшін де қан айналу жүйесінің функционалдық резерві жайлы сұрақты талқылағанда миокардты-гемодинамикалық гомеостазды және вегетативті гомеостазды қарастыру керек. Қабілеттілік мүмкіншілікті бағалау көп жағдайда денсаулықтың маңызды критеріі ретінде қарастырады. Vaine Brian денсаулықтың жаңа концепциясын алға қоя отырып, оның динамикалық сипатын ескереді. Организмнің ортаға бейімделуі физиикалық, психикалық және әлеуметтік ресурстарға байланысты. Организмнің ортамен динамикалық тепе-теңдігі денсаулық балансын анықтайды [4]. Nanke L. денсаулықты

екі аспектіде қарастырады: жеке мүшелердің қалыпты жағдайы ретінде және адамның мақсатына жетелейтін организмнің жағдайы ретінде. Екінші анықтама жаратылысы бойынша денсаулықтың қоршаған орта жағдайларына бейімделуі. Алайда, кейбір ғалымдар анықтамасына сәйкес денсаулыққа физикалық, психикалық және әлеуметтік аспектілердің әсерін кең ауқымды мағынада сынға ұшыратады. L. Nordenfelt [5] денсаулық медициналық аспектіде шектелумен және ауру критерилеріне көп көңіл бөлген жөн деп ұсынады. Бірақ қазіргі денсаулық түсінігі қорғаныс механизмі, ең алдымен сыртқы ортаның әсерінен белсенді болатын бейімделу механизмдері мен компенсациялары жайлы түсінігін қосады. Адамның бейімделу мүмкіншілігі жоғары болған сайын аурудың пайда болу қаупі төмен болғаны. Бейімделу мүмкіншілігі оның фундаментальды құрамын көрсетеді. Ең алдымен бейімделу мүмкіншілігі – орта мен организм арасында тепе-теңдікті ұстап тұратын функционалдық резервтің қоры.

Функционалды резерв біріккен бейімделу реакцияларымен тығыз байланысқан және өзінің құрылымдық негізі бар [5] ақпараттық, энергетикалық, метаболикалық резервтен құралады. Организмнің функционалдық резерві немесе оның жеке жүйелері жайлы айтуға болмайды, Ф.З. Меерсон: «Адаптация үшін жауапты жүйенің функционалдық мүмкіншілігінің жоғарылау негізі энергиямен қамтамасыз ету, иондық транспорт, басқаруға жауапты құрылымның қуаты мен массасының жоғарылауы – жүйелік-құрылымдық орынның қалыптасу процесін дамытатын клеткалық құрылымның қатынасын өзгерту болып табылады. Сондықтан, жүйелік-құрылымдық орынның дамуы ақпараттық, энергетикалық және метаболикалық ресурстармен байланысты.

Адамның бейімделуі – human adaptation – адамның экологиясындағы негізгі түсініктердің бірі, сонымен қатар басқа да пәндерде (физиологияда, антропологияда, медициналық географияда, социологияда, этнография және т.с.с.). адамның жаңа ортаға бейімделуі – әдеттегі жүріс-тұрысынан, организмнің функциялары мен жүйелерінің өзгерісі негізіндегі күрделі әлеуметтік-биологиялық процесс[5]. Бұл екі жақты процесс: адам жаңа экологиялық жағдайға ғана емес, сондай-ақ мұны өзінің қажеттіліктеріне,

тамақтану, баспана, киім кешек, транспорт, инфраструктура т.б. кіретін өмірлік қамтамасыз ету жүйесін құрайтын жағдайларға бейімдейді. Бейімделуге байланысты [6] Ресейдегі Лесгафт университетінде 20 жыл бойы зерттеу жүргізілген. Оның 4 түрін анықтаған: бірінші кезең – адаптация алды – ми қыртысында қозу процесі болады, гипофиз функциясы жоғарылайды, зат алмасу процесі ұлғаяды. Келесі саты – бейімделгендік – липидтік алмасудың ұлғаю фазасы. Бейімделуде гормондар ерекше рөл атқарады. Спортшының жұмыс қабілеті тұрақталады және өседі. Организмге қарқынды, ұзақ уақыттағы жүктеме әсер етсе немесе демалыс жеткіліксіз болса, нейроэндокринді регуляция жұмысы бұзылады, сонымен қатар катехоламиндердің және глюкокортикоидтердің құрамы азаяды. Спортшы ағзасындағы мүшелердің қызметі бұзылады – бұл дезадаптация кезеңі. Ұзақ демалыстан кейін жүйелі жаттығуда – қайта бейімделу басталады. Бұл физиологиялық жағынан жаттығу деңгейінің төмендеуі, организмнің жеке көрсеткіш функциясының бастапқы қалыпқа келуі, өйткені компенсация процесі мен гомеостазды тұрақты ұстауы адамның жынысына, жасына және оның бастапқы функционалдық жағдайының әр түрлі өтетіндігіне байланысты.

Адамның бейімделу механизмдері әр түрлі, сондықтан адамның Жергілікті қайта құруды спортшы организміндегі жалпы өзгерістермен бірге қарастырған дұрыс. Әдетте жергілікті өзгерістер арнайы кезде көрінетін және көп мөлшерде жүктеме бар жерде орын алады. Организмге қоршаған орта факторларының үздіксіз және ұзақ қолайсыз әсерінен (климатогеографиялық, тұрмыстық-әлеуметтік, өндірістік т.б.) бейімделу мүмкіншілігі біртіндеп төмендейді. Дені сау адамнан науқас адамға айналады. Сондықтан организмнің қоршаған ортаның қолайсыз факторларына (өмір сүру ортасына, жұмыс істеу ортасына байланысты) денсаулық жағдайы деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Организмнің бейімделу процесінде зат алмасу тыныштық күйде энергияны өте үнемді жұмсауға және дене жүктемесі кезінде метаболизмнің жоғары қуатта жұмыс істеуіне ауысады. Мұндай ауысу биологиялық жағынан өте тиімді және физиологиялық бейімделудің жалпы механизмі болып табылады. Адамның денсаулық

жағдайы соңында бейімделу резервінің қуаты және санымен анықталады. Морфофункционалды резерві жоғары болған сайын бейімделу бағасы төмен, яғни жаңа өмір сүру ортасында организм тиімді бейімделеді. Жұмыс қабілеті де, денсаулығын да сақтап қалады. Генотиптік бейімделуде организмде этникалық топта, генотипте популяцияның жаңа ұрпақтық сипаттама негізінде бекітілетін организмдегі терең морфо-физиологиялық ауытқулар болады. Аурулар мен денсаулықтың қалыпты критерилерін жасауда бейімделу түсінігі жемісті болды. В.В. Париннің [6] анықтамасы бойынша денсаулық өз кезегінде максималды бейімделу қамтамасыз ететін организмнің оптималды жағдайы. Бейімделу мүмкіншілігінің кез келген төмендеуі және денсаулық деңгейінің төмендеуі патологияға жақын мағынада болып саналады. Сондықтан ауруды күнделікті жағдайға қалыпты физиологиялық бейімделудің бұзылуы деп қарастыруға болады. Ауру адамды белгілі жұмысты орындауға қабілетсіз не болмаса, оны орындау кезінде организмнің өмірлік маңызды параметрлерін қалыпты нормадан тыс ығыстыруы. Адамның бейімделу мүмкіншіліктері ғылыми техниканың қарқынды дамуына байланысты, адамдардың қалыпты орындарын ауыстыруына байланысты — Жердің экстремалды аймақтарын (Арктика, Антарктика, шөлдалалар, мұхиттық шельфтер, таулы аймақтар) және ғарыштық кеңістіктерді меңгеруіне байланысты өзгерді. Бұл бұрынғы контингенттердегі тұрғындардың сол немесе басқа аймақтардың жарамды не жарамсыз деген сұрақты шешуге мүмкіндік тұғызады. Ресей Федерациясы аймағында келесі типтер анықталған: 1. Экстремалды деп эффективті организмнің бейімделу жүйелерінің басым бөлігі қиын күштеумен өтеді. 2. Жайсыздық деп қиын компенсациямен жүретін организмнің бейімделу жүйелерінің көп бөлігі өте күшті кернеумен өтеді. 3. Гипожайлы деп организмнің бейімделу жүйелерінің көп бөлігі компенсация біртіндеп жүретін қатты кернеумен сипатталады. 4. Прекомфортты, организмнің бейімделу жүйелерінің көп бөлігі компенсацияның жылдам жүретін баяу кернеумен сипатталады. 5. Жайлы деп көшіп келгендердің бейімделуінің басым бөлігі жылдам әрі аурусыз өтуі. Бейімделу теориясының маңызды бөлігі — бейімделу үшін биоәлеуметтік төлем концепциясы болып табылады [6].

Организмнің бейімделу мүмкіншіліктерінің максималды күштенуін қажет ететін экстремалды жағдайда адамның бейімдеушілігі биоәлеуметтік төлемді анықтайтын бағаға жетеді. Экстремалды жағдайдағы бейімдеушіліктің жоғарғы деңгейі – бұл молекулалықтан организмдікке дейін жететін аса күштенумен сипатталатын өзіндік биоәлеуметтік мамандану. Нәтижесінде осындай күштенудің арқасында адам сол және басқа да қасиеттерді алады. Алайда ереже бойынша бұрын иеленген қасиеттерінің өзгеруін немесе жоғалту әсерінен жетеді.

Адамдардың бағытының көрінуінде және өзінің қабілеттерін жетілдіруінде әлеуметтік ортамен байланысы басым болады. Сондай-ақ құнды бағыттар еңбек, тұрмыс, бос уақытта, тұлғааралық қарым-қатынастарды анықтайды. Мысалы, конвейердегі бірқалыпты еңбек ереже бойынша жоғары білімді адамдарға жағымсыз әсер етеді, бірақ төменгі білімді және квалификациялы жұмысшыларды қанағаттандырады. Этникалық бейімделу – олардың әлеуметтік мәдени өмір сүру ортасына және табиғи аймағына этникалық топтың бейімделуі. Бұл процесті және осымен байланысты мәселелерді зерттеу этникалық экологиялық мақсатқа кіреді. Әлеуметтік мәдени бейімделуде өзіндік мәдени тіл, саясаттық, экономикалық және ортаның басқа да параметрлерімен сипатталады [7].

Ұзақ мерзімді бейімделушілікте физиологиялық факторлар міндетті түрде келесі процестермен жүреді: а) басқару механизмдерінің қайта құрылуымен б) физиологиялық резервті пайдалану мен мобилизациялау в) адамның еңбек іс-әрекетіне бейімделудің арнайы функционалдық жүйесінің қалыптасуы. Бейімделу процесінде осы үш физиологиялық реакциялар ең басты және негізгі болып табылады. Әр түрлі дене жүктемесінде әр түрлі көрсеткіштер орнайды. Сауықтыруда ең маңызды принцип – жүктеме мөлшерін біртіндеп ұлғайту. Дәлелденген зерттеуде егерде жүктемені қарқынды түрде қолдана берсе, организмдегі жағымсыз процестерге әкеліп соғады. Ал егер ол адам бұрындары жаттыққан болса, оған қысқа мерзімді жүктемелерді орындауға болады. Бейімделу процесі тек үшінші жылы жүктемемен қалыптасқан. Бейімделу потенциалының жоғарылығы организмнің және қанайналым жүйесінің функционалды

қорларын және мүмкіншіліктерін анықтайтын кешенді көрсеткіш. Адам организмінің бейімделу мүмкіншілігінің критеріі ретінде А.П. Берсеневаның [6] функционалды өзгерістердің индексі арқылы есептелінеді. Бұл үшін керекті көрсеткіштер: жасы, бойы, дене салмағы, артериалдық қысым, жүрек жиырылу жиілігі. Бейімделу процесін қалыптастырудағы басты рөлді организмнің стресстік реакциялары жоғарғы реактивтілігі бар қан айналу жүйесі анықтайды. Көптеген авторлар бойынша әр түрлі стресс жағдайларында қан айналым жүйесін организмнің толық бейімделу реакциясының индикаторы ретінде көрсеткен .

Адам организмінің бейімделу мүмкіншілігі өз алдында оның фундаментальды құрамын ұсынады. Ең алдымен бейімделу мүмкіншіліктерін орта мен организм арасындағы тепе теңдікті тұрақты сақтап отыратын функционалды резервтердің қоры деп анықтауға болады. Функционалды резервтердің қоры – жұмсалып тұрақты орындалып отыратын метаболикалық, энергетикалық және ақпараттық ресурстар. Осы қалыппен әрбір берілген уақытта олардың орташа деңгейінің кейбір функционалды ресурстардың оң және теріс балансы бар. Функционалды ресурстардың орташа деңгейі өз кезегінде уақытпен өзгереді. Осылайша функционалды ресурстардың тәуліктік және маусымдық тербелістерді анықтауға болады. Бірақ аса маңыздысы жас аралық өзгерістер болып табылады [7].

Жастардың жұмыс және ойлау қабілетінің төмендеуі, денсаулығының нашарлауы тағы басқа жағымсыз әсерлер семестрдегі және емтихан тапсыру кезіндегі эмоционалды стресстер, әдіс пен дағдының салауатты өмір салтында жеткіліксіздігінен, гиподинамия, дене даму әлсіздігі осының барлығы оқу процесіне бейімделуді қиындатады.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. Икиманова Г.К. «Емдік гимнастика». Алматы-2001.- 23-32б.
2. Мустафина Т.К.-Спорттық медицина. Оқулық- А., 1997. -32б.
3. Нұрмұхамбетұлы Ә.Н. Патология. Алматы-2007.-56б.

4. Попов С.Н. «Лечебная физическая культура», М., 1988 .-35с.
5. Өтепбергенов А.А., Нилдібаева Ж.Б. Адам физиологиясы. Алматы-2005.-32б.
6. Рогозкин В.А., Пшендин А., Шишина А. Питание спортсменов. -М.: «ФиС», 1989.-45с.
- 7.8 Ленинджер А. Основы биохимии. В 3-х т. «Мир»,1983.-42с.
- 8.Равич-Щебро М.И., Новиков В.В. Физическая и коллоидная химия. - М.: «Высшая школа», 1975.-75с.

ӘОК 541.1

Ахметкалиева Маруар

жоғары санатты физика пәні оқытушысы,
Талдықорған қаласы политехникалық колледжі
(Талдықорған қ., Қазақстан)

Ғылыми кеңесшісі: **Таубалдиева Жұматай**

п.ғ.к., профессор,
І. Жансүгіров атындағы ЖУ
(Талдықорған қ., Қазақстан)

СТУДЕНТТЕРГЕ РУХАНИ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйіндеме: Бұл мақалада студенттерді саналы тәртіпті тәрбиелеу тілалғыштық пен ұйымшылдық, дәлдік пен инициативалылық, ұстамдылық пен белсенді шығармашылық, іс-әрекет сияқты моральдық қасиеттер мен мінез сипаттары қарастырылады.

Түйінді сөздер: рухани, тәртіп, тәрбие, ұстамдылық, іс-әрекет, мораль.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның әйелдер қауымымен жыл сайынғы «Көктем шуағы» атты дәстүрлі кездесуі барысында «Көптеген адамдар тәрбиенің орнын жоғары білім берумен алмастырғысы» келіп жатадығына ерекше мән беру қажеттілігін атап өтті.

Баланың әрқайсысын оқытып, диплом алуына күш саламыз. Бұл жақсы, әрине. Ол белгілі мамандықты иеленіп диплом алады. Одан әрі не істейді? Ең бастысы, дипломға ғана емес, лайықты азаматтарды тәрбиелеуіміз қажет. Көптеген мәселелерге заңға да, экономикаға да емес, адамгершілік қасиеттерге келіп тіреледі. Бізге ойлана алатын, еліміздің патриоттары қажет. Бұған жақсы тәрбие берудің арқасында қол жетеді. Тәрбие беру өнеріне үйрену қажет деп есептеймін. Біз ана болу қиын іс деп

атайтып жатамыз, бірақ ана болуға ешкімді ешқашан үйретпеген» - деді Н.Назарбаев. (Vnews.kz.тілшісі,8-наурыз,2013ж).

Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің Қазақстан халқына жолдауында, алдыңғы отыз жыл ішінде мемлекетіміздің қандай бағытта даму керек екендігін белгілеп берді [16126] Әрине, осы міндетті болашақта іске асырушылар жастар. Олай болса, сол жастардың білім деңгейі, алған тәлім тәрбиесі қандай дәреже де ген сұрақ деңгейі, туындайды „бұл сұраққа толық, жан-жақты жауап беру әзірге қиындау, оған дәлел-бүгінгі қоғамымыздағы күнен күнге көбеіп отырған сан алуан қылмыстардың басты себебі-жастарымызға уақытында ұлттық тәрбиені бере алмағандығымыздан туындаған. Әрине, қазіргі таңдағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың нашарлауы да өз әсерін тигізіп тұр. Кеңес дәуірі кезінде балаларымызды мектеп тәрбиелейді деп санады, тәрбиелік сабақтарға аса көңіл бөлінбеді. Бұл мәселе жөнінде біздің ұлы бабамыз Әбу Нәсір әл Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілу керек, тәрбиесіз берген білім азаматтың қас жауы» - деген екен Менделеев.

«Тәрбиесіз – білім, есуастың қолына қылыш бергендей» - деген екен Орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинский: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғыда, бағдарламада,ешқандай орынның жасанды әрекеті де оны орнын баса алмайды»,-деп текке айтпаған

Оқу жастардың жүрегін тебіренітіп,ой сезіміне әсер ету үшін:біріншіден,тәрбиеші ұстаздың саяси сауатты жан-жақты мол білімі болуы шарт; екіншіден,тәлімгер ұстаз өз бойындағы білімді студент жүрегіне еркеін ұялатай алатын әдіскерлік шеберлігі қажет, үшіншіден-оқытушы оқу-тәрбие үрдісін жүргізу кезінде студенттің психологиялық ой-өрісінің өсу,даму дәрежесін бақылай алатын сезімтал психолог болуы керек.Л.Н. Толстой айтқан: «Мұғалім өн бойына,өз ісіне,шәкіртіне деген сүйіспеншілігі жинақталса ғана ол –нағыз ұстаз»-деген...Сондықтан да оқу тәрбие-егіз.Ол бір бірінен бөліп алып қарауға болмайтын табиғаты танылып тұрған үрдіс. Ел басы Н.Назарбаев: «Жастар тәрбиесі басты мақсат»-деген.Ұстаз – бір елдің болашағы үшін жасайтын киелі мамандық иесі. Оның парасатты ,жүріс тұрысы, сөйлеу мәдениеті,ішкі жан дүниесі,тіпті

киім киісі бәрі ел-жұрттың назарынан тыс қалмайды.Қазақтың кемел ойлы ұстазы А.Байтұрсынов «Мұғалім нашар болса, сыйлы мектепте отырып сабақ бере алмайды. Мұғалімдік оңай нәрсе емес,тәртіппен жасалған оқу құралдарын, тәртіпсіз жасалған құралдар орында тұтынады.»-дейді [2,256].

Педагогикалық ғылымдардың дамуы барысында тәрбие беру жұмысы методикасы да өзіндік бет- бағдары бар ғылыми пән ретінде қалыптасып және дамып келеді. Оның міндеті – тәрбие беру жұмысын ұйымдастырудың негізгі бағыттары мен принциптерін, формалары мен әдістерін ашып көрсету, педагогтарға тәрбие беру өнерін меңгеруге көмектесу. Тәрбиені комплексті түрде жүргізу идеялық- тәрбие жұмысының бәрін жоғары өнімді еңбекке және белсенді қоғамдық- саяси қызметке қабілетті жан- жақты дамыған жеке адамды қалыптастыруға бағдар тұтуды білдіреді. Жеке адамды жан- жақты дамыту жастардың тіршілік қызметінің алуан түрлі - өндірістік, қоғамдық- саяси, рухани, адамгершілік салаларында барлық қабілет дарындарын дамытуды қарастырады. .

Тәрбие диалектикасы дегеніміз – жастарды қоғам құрылысына белсене қатысуға әзірлеу. Сол себебтенде жаңа заман адамдарын тәрбиелеуді бізден қоғам талап етеді.Осыған орай топ жетекшілері тәрбие жоспарын құрғанда келесі мәселелерге назар аударғандары жөн. Тәрбиенің құрамды бөліктері: адамгершілік тәрбиесі, патриоттық тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, құқық тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, экологиялық тәрбие, эстетикалық тәрбиесі ,экономикалық тәрбиесі, дене тәрбиесі.

Аталған ұғымдарды жете түсіну,қабылдау үшін ең алдымен адамның жан- дүниесін, яғни рухын, сезімін қалыптастыруда алдыға қойылған талаптар мен тиісті ережелерді тәрбиешілердің өзі түсінуі керек. Осы орайда,тәрбиенің көп түрлерінің ішінде рухани, яғни, эмоционалды рөл атқарады[3,526].

Ежелгі гректерде рух ұғымы (нус, логос т.б.) Рух адамды шындық пен әдеміліктің бірлестігінде, өркениеттің үлгісіне жатады, құдіретті күшпен сырласарлық сезім шебін кеңейтеді. Осыған орай біз рухты міндетті түрде адамгершілік тәрбиесімен сабақтастырамыз.

Адамгершілік тәрбие берудың негізгі мазмұнын патриотизм және интернационализм, коллективизм және гуманизм, еңбекке және қоғамдық меншікке деген көзқарас, тәртіптілік және ұйымшылдық, принципалдылық және өзіне сын көзімен қараушылық, шыншылдық және әділеттілік жоғары жауапкершілдік және қоғамдық парызды сезінушілік сияқты моральдық қасиеттерді қалыптастыру құрайды. Оларды қалыптастырудың алдында қарапайым мінез- құлық дағдылары мен әдеттерін меңгеру, өзін көпшілік ішінде ұстай білуді бойға сіңіру, қоғамдық тәртіп пен тәлімді сақтау тұрады. Саналы тәртіпті тәрбиелеу тілалғыштық пен ұйымшылдық, дәлдік пен инициативалылық, ұстамдылық пен белсенді творчестволық іс- әрекет сияқты моральдық қасиеттер мен мінез сипаттарын қарастырады. Мектеп оқушыларына еңбек сүйгіштік пен әділеттілік, қарапайымдық пен сыпайлық үлкенді сыйлаушылық пен кішкентайларға қамқоршылық сияқты адамгершіліктің өте қарапайым нормаларын сіңіру қажет.

Адамгершілік тәрбиесін беру мазмұнында жігіттер мен қыздар арасында дұрыс өзара қарым – қатынас орнату, оларды жеке өмірге даярлау едәуір орын алады. Адамгершілік тәрбиесі-белсенді процесс. Ол жағымды қасиеттерді қалыптастыруды ғана емес, жағымсыз қасиеттерді жеңуді маскүнемдікке, бұзақлыққа, бейпіл ауыздылыққа, тоғышарлық көңіл күйге, тұтынымпаздық психологияға тайсалмай қарсы шығуының маңызы үлкен [4,326].

Патриоттық тәрбиенің негізгі міндеттері - Отанға деген сүйіспеншілікке, ұлтты мақтаныш сезімін жетілдіруге, бейбітшілік пен демократия ісіне берілгендікке, кез келген сәтте Отанды қорғауға дайын болуға, тәрбиелеу Мағжан Жұмабаев өз халқының патриоты ретінде оны халқының, ұрпағының болашағы үнемі толғандырып, тәрбиенің басты міндеттерінің бірі бала бойында ұлттық сезімдерді ерте қалыптастыру оларды халықтың рухани мәдениеті мен, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен кеңінен қарулардыру қажет деп санайды. «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, бұрын қолданып келе жатқан тақтық жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ үлгі тәрбиесімен тәрбие қылуға

міндетті» деп, ата-анаға отбасында балаға ұлттық тәрбие беру қажеттігін ерекше айтып өтеді [5,556].

Еңбекке тәрбиелеудің мазмұнында еңбекке әзірлікті бойға сіңіру, ойдағыдай еңбек ету үшін қажетті моральдық- еріктік қасиеттерді қалыптастыру үлкен орын алады.

Еңбекке тәрбиелеу процесінде үнемшілдік сезімі дамиды, жаңа ғасырдағы жастарды халық игілігін сақтау және молайту жөнінде қамқорлық жасауға үйренеді, жатахана, аудиториядағы бұйымдарын, оқулықтарды күтіп ұстайды.

Соңғы жылдарда жастарды «Жасыл ел» - атты жастар ұйымы құрылып, табиғаты қорғау жұмысына араласуы едәуір қанат жайды. Бұл туған табиғатты білуді оны қорғау жөніндегі шығармашылық және мақсаты еңбекпен үйлестіруге, студенттерді табиғат байлықтарына ысырапсыз, шаруақор көзқараспен қарауға жәрдемдесіп жүрі. Сондықтан экологиялық тәрбие беру, табиғи ресурстарды қорғауға және орынды пайдалануға дағдыландыру болып жатыр.

Құқық тәрбие беру мазмұнына құқықтық білім, құқықтық сенім және құқықтық мінез- құлық сияқты құрылымдық элементтер кіреді. Жастарға құқықтық тәрбие беру –құқық бұзушылықты алдын алу шараларының бірі. Заңдарды білмеу оларды бұзушыларды кіналарын жеңілдетпейтіні белгілі. Ол құқық бұзушылықтарды ақтай алмайды.

Қоғамның ғылыми – техникалық прогресс жағдайында экономикалық білім мен тәрбие үлкен мәнге ие болады. Бұл, ең алдымен, Студенттерді экономикалық білім негіздері мен қаруландыру, экономикаға деген ынтаны ояту және жетілдіру, иегерлік сезімді тәрбиелеу. Экономикалық білім мен тәрбие берудің аса маңызды міндеті- экономикалық, еңбек қарым –қатынастары саласына енуге даярлау.

Эстетикалық тәрбие оқушылардың көркемдік талғамдарын, алуан түрлі шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге себепкер болады. Эстетикалық тәрбие процесінде табиғат пен өнердегі әсемдікті ғана емес, адамдардың әрекет – қылықтарындағы, өзара, қарым- қатынастарындағы әсемдікті ұғына білудің маңызы

үлкен. Адамгершілік ұғымдары мен тығыз байланысып жатады адамдар қарым-қатысы, тәртіп, еңбек пен тұрмыс әсемдігі ерекше үлкен мәнге ие болады.

Өмірдегі, өнердегі және табиғаттағы әсемдікті көре білу, сезіну және ұғыну сәбилік шақта пайда болады. Ал, жоғары оқу орнындарында мұның бәрі одан әрі дамиды, онды болмысқа деген эстетикалық көзқарастың негіздері толық қаланады және аяқталынады. Сонымен жастар табиғаттағы, өнердегі, адам қарым-қатыстарындағы әсемдікті ұғынуға және бағалауға дағдыланады. Олар әсемдік заңы бойынша өмір сүреді үйренеді. Осыған орай жігіттер мен қыздар өздерінің эстетикалық талғамдары мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға үйренуге әбден болады.

Дене тәрбиесі дененің қалыпты жетілуін, денсаулықтың нығаюын қамтамасыз етуде, жастарды еңбекке, Отанды қорғауға даярлауды көздейді. Дене тәрбиесі еркі мықты, тәртіпті, батыл және инициативалы, еңбекке және өз Отанын қорғауға дайын адамдар әзірлеуге көмектеседі.

Жастарға ұйымдастырылған тәрбиелік әсерді кеңейтуге аудиториядан тыс мекемелердің де ролі зор. Олар әр түрлі тәрбиелік жұмыстар жүргізеді, студенттердің демалуын ұйымдастыруға көмектеседі, олардың жан- жақты дамуына үлес қосады.

Бұқаралық информация құралдары. Баспасөз, радио, телевизия, кино-идиологиялық ықпалетудің қуатты құралдары. Оладамның өз бетімен білім көтеруіне және өзін- өзі тәрбиелеуіне аса бай материал береді. Біздің елімізде газеттердің, журналдардың және басқа мерзімдік басылымдардың тиражы жыл сайын өсіп келеді.

Ойымызды қорыта келе, студенттердің рухани, интеллектуалдық жағынан дамытып тәрбиелеу, өз тарихын, мәдениетін қастерлеу, танысу және дүниежүзілік ұлы мәдениетке қол созу, тану. Сондықтан да куратор, әдвайзерлер тәрбие ісін тартымды, ұтымды ұйымдастыру арқылы сатылай, бірізді үздіксіз, заман талабына сай қалыптастырып үйрету керек. Оқу-тәрбие ісін үнемі кірістіре, дамыта, дәстүрден тыс жаңа әдіс-тәсілдерімен жүргізу керек. [5].

К.Д.Ушинский қарастырып, күнделігіне жазып қойған мінез- құлық ережелері ерекше назар аударуға тұрарлық. Оған мынадай пункттер енген;

1. Өте байсалдылық, тым болмаса сырттай байсалдылық.
2. Сөз бен қылықтағы туралық.
3. Ойланып әрекет жасау.
4. Батылдық.
5. Қажетсіз жерде өзің жайлы бірде- бір сөз айтпау.
6. Уақытты саналы өткізу; кез- келген іс емес, көңілің ауған істі істеу.
7. Құмарлықпен емес, қажетті немесе ұнамды нәрсеге шығындау.
8. Әр күннің соңында саналы түрде өз қылықтарың жайлы есеп беру.
9. Ешқашанда болып өткен, болып жатқан, келешекте болатын нәрсені мақтан етпеу.

Яғный ұлы педагог К.Д.Ушинский: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқашан жарғыда, бағдарламада, ешқандай орынның

Жасанды әрекеті де оны орнын баса алмайды», - деп текке айпаған. Л.Н.Толстой айтуынша: « Мұғалім он бойына, өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілігі жинақталса ғана ол-нағыз ұстаз» - деген.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. Тәжібаева С.Ғ. Жоғары және арнаулы оқу орындарына арналған инновациялық тәлім-тәрбие бағдарламасы «Алматы», 2003
2. Кукушин В. С. Теория и методика воспитательной работы: Учебное пособие. – Ростов н/Д: Издательский центр «МарТ», 2002
3. «Қазақ тілі терминдері» салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. - Алматы «Мектеп», 2002
4. Педагогика. Дәріс курсы. - Алматы: «Нұрлы Әлем», 2003
5. Таубалдиева Ж.Ш. Мектепте музыкаға тәрбиелеу әдістемесі. Алматы. 2002, 16 бет.

ӘОЖ 541.124

Мусабекова Диана Еркеғалиқызы

2 курс магистранты,

I. Жансүгіров атындағы ЖУ

(Талдықорған қ., Қазақстан)

Ғылыми кеңесшісі: **Таубалдиева Жұматай**

п.ғ.к., профессор,

I. Жансүгіров атындағы ЖУ

(Талдықорған қ., Қазақстан)

БАЛАЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА ТАНЫМДЫҚ ҚАСИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Түйіндеме: Мақалада әңгімелесудің арнайы әзірленген және әзірленбеген түрлерінің әдіс ретінде саз сабағын ұйымдастыруда қолданылуы сарапталып, олардың баланың диалогті сөйлеуін дамытудағы рөлі ашылған. Эстетикалық тұрғыда тұлға тәрбиелеу мақсатында авторлар мектепке дейінгі және мектепалды жастағы баланың қарым-қатынастық, танымдық және бейнелі-қимылдық қырынан дамуына қатысты біршама зерттеулерді қарастырылған.

Түйінді сөздер: әңгімелесу түрлері, іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері, диалогтік сөйлеу

Баланы жастайынан шығармашылыққа баулуда қандай іс-әрекетте болсын, баламен әңгімелесуді дұрыс құру маңызды болып табылады. Қазіргі қоғамның жаңғыруы кезеңінде халықтық дәстүр бойынша тәрбиелей отыра, балаларды сөйлетуге қызықтыратындай жағдаяттар арнайы тудырылмаса, олардың бір нәрсе туралы түсіндіріп айтуы, дәлелдеп сөйлеуі немесе ой-пікірін білдіруі ойдағыдай жүзеге аспай жатады. Бұған себеп, біріншіден, бала тілінің ата-әже ықпалымен тиісті деңгейде

жетілмеуі болса, екіншіден, тәрбиеші мен мұғалімнің әңгімелесуде жіберетін қателерінің салдары болуы мүмкін. Педагогтар әдіскер ғалым Ш. Сарыбаевтың әр сабақтың тәжірибе жүзінде сөйлеу сабағы болуын ескерткенін саз сабақтарын ұйымдастыруымызда да ұмытпауымыз керек.

Баламен әңгімелесу барысында бала ойлау операцияларына (талдау, жинақтау, салыстыру, қорытындылау), өз ойын білдіруге, тыңдауға және қарсыласын түсінуге, айналасындағыларға түсінік беруге, қойылған сұрақтарға жүйелі жауап беруге үйренеді. Әңгімелесуде балалардың байланыстырып сөйлеу тілі дамиды және педагог балаларды ортақ қызықты тақырыпқа жетелеп, бір-бірімен сөйлесуге деген қызығушылықтарын тудырады. Тақырып ретінде белгілі бір баланың тәжірибесі алынса және ондай әңгіме айтатын балалар көп болса, әңгіме бағалы бола түседі.

Тілді психологиялық қырынан ғалым Л.С. Выготский және оның мектебіндегі шәкірттері қарастырды. Олар ойлап шығарған «дамыта оқыту» концепциясы бала тілінің табиғи деңгейлік даму кезеңдерін көрсетеді. Л.С. Выготский, А.А. Леонтьев, И.А. Зимняя және басқалар ұсынған «әрекет теориясы» ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері барысында бала тілінің даму деңгейіне сүйенеді, оның ұстанымдары баланы алға сүйрейді. Балаларды оқу үдерісінде тілдік әрекетке келтіру үшін ғалымдар мынандай талаптар ұсынады:

1. сөйлеуге қажеттілік тудырылу, яғни балаларға тапсырмалар беруде олардың балаларды өзара сөйлететіндей етіліп берілуі;
2. тіл мазмұнын нақтылау (не туралы сөйлейтіні);
3. тілдік құралдардың (тіл таңбалары: сөздер, сөз тіркестері, т.б.) жеткілікті болуы [5., 216.].

Тілдік құралдар, материалдар әрбір ұлт тілінде бар, тұрақталған, әдеби нормасы қалыптасқан, тіл заңдылықтарына сүйенетін құралдар болса, олардың қолданысқа түсуі адамдардың жасына, әлеуметтік тұрқына, біліміне, қоғамдағы орнына, жеке мінезіне, өзіндік қабілеттеріне байланысты әртүрлі болады. Мысалы, үлкендердің сөйлеуі мен баланың сөйлеуін салыстыра алмайсың, екеуі екі басқа. Үлкендер ұлт тілінде бар тілдік

құралдарды баланың жасына қарай таңдап-талғап қолданбаса, балаға ойын тез қабылдата алмайды.

Сөйлеу тілі үш қызмет атқарады: қарым-қатынастық, танымдық және тәртіптеушілік. Бұны сабақта қойылатын міндеттерден байқай аламыз. Тілдің қарым-қатынаста, сөйлеу ортасында дамитыны ғылыми тұрғыда дәлелденген. Тіл балаға қоршаған ортаны, оның мәдени-тұрмыстық құралдарын тануға көмектеседі. Туындаған жағдайларға байланысты орыс мектебінде оқытылатын, немесе өз ана тілінде белгілі себептерге орай еркін сөйлеп дағдыланбаған балалардың сөйлеу тілі тиісті деңгейде қалыптаспайды. Сондықтан саз, өнер мектептерінің әрқайсысындасабақ барысында әңгімелесу, баламен жеке және топтық сөйлесулер үздіксіз пайдаланылуы керек.

Сонымен, әңгімелесу – әрі әдіс, әрі ана тілді, сөйлеуді дамыту құралы. Мұны жете түсіну үшін әңгімелесу әдісімен өнер мектебінің 6-жастағы балаларымен өткізілген саз сабағының құрылысына назар аударалық. Сабақтың жоспары төмендегіше құрылды:

Сабақ мақсаты: Күйдің құрылысы, мәні туралы жүйелі ақпарат беру, дәстүрлі күйге сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу, өнерді тануға және ол туралы әңгімелей алуға ынталандыру.

Білімділік: Күйдің мәні мен мазмұны туралы ақпарат беру. Күй өнерінің негізін қалаушылары туралы мәлімет беру. Күй мен күйші айырмашылығын түсіндіру.

Дамытушылық: Күй туралы баланың алғашқы дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру. Музыкалық танымын, зейінін, ой-қиялын, есте сақтау дағдыларын дамыту.

Тәрбиелік: Ұлттық дәстүрлі күйге сүйіспеншілікпен қарауға, күйді тыңдату және қимылын келтіре орындату арқылы баланың ішкі рухани сезімталдығын тәрбиелеу. Күй мен халықтың бастан кешкен тарихының байланысын көрсету.

Сабақ түрі: интегративті (Қазақстан тарихы, музыкасы, әдебиеті, ритмика)

Пәнаралық байланыстар: Қазақстан тарихы, музыка тарихы, сольфеджио, ритмика, ырғақ.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: аңыз әңгімені оқу, әңгімелеу және әңгімелесу, күй құрылысын талдау-жинақтау.

Материалды-техникалық құралдар: CD-жазбалары, домбыра аспабы, слайдтан ноталарды, суреттерді көрсету.

Интегративті (біріктірілген) 1 сағаттық оқу үдерісінде домбыра аспабының оқытушысының балалармен 4 рет әзірленбеген әңгімелесу өткізуі педагогтің сабақ мақсатына біршама қол жеткізуіне ықпал еткен.

Бірінші әңгімелесу оқушының үй тапсырмасын тексеру барысында өткізілген. Қойылған сұрақтар:

1. Орындаған шығармаңда сен қай жолдағы қимыл-қозғалысты көрсеттің?
2. Қандай динамикалық белгілерді пайдаландың?
3. Мәтінде қандай динамикалық белгілерді орындадың?

